

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы»
КМҚК басшысы

Б. Абдикерова

2024 ж.

Облыстық «Үздік тәлімгер – 2025» байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1.1 Облыстық «Үздік тәлімгер – 2025» байқауы (әрі қарай – Байқау) Қарағанды облысы жалпы орта білім беру ұйымдарының аға тәлімгерлер Қауымдастығының жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.2 Байқауды даярлау және өткізуді басқару «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК іске асырады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1 Байқаудың мақсаты: кәсіби құзыреттіліктерді оңтайлы меңгергендігін, инновациялық тәжірибені зерделеп, тарататындығын көрсететін талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін тәлімгерлерді анықтау.

2.2 Байқаудың міндеттері:

- балалармен тәрбие жұмысы саласында шығармашылық және кәсіби әлеуетті іске асыру, авторлық идеяларды қалыптастыру;
- оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда инновацияларды, жаңа технологиялар мен әдістерді іздеу қтау;
- кәсіби қарым-қатынас ауқымын кеңейту.;

3. Байқау қатысушылары

3.1 Байқау қалалар мен аудандардың жалпы білім беретін мектептерінің аға тәлімгерлерінің (вожатый) арасында өткізіледі. Байқауға қатысу ерікті болып табылады. Байқауға қатысуға үміткерлерді ұсыну білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарының бастамасы бойынша, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

3.2 Байқауға қатысушылардың кемінде үш жыл тәлімгер (вожатый) ретінде жұмыс өтілі болуы тиіс.

4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

4.1 Байқау 2025 жылдың 20 наурыздан 18 сәуірге дейін үш кезеңде өткізіледі.

Байқау материалдары 2025 жылдың 20 наурызы мен 01 сәуірі аралығында қабылданады. Сұраныстар мен байқау жұмыстары vozhatty2022@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

4.2 Бірінші кезеңде байқауға қатысушы келесі құжаттар топтамасын ұсынуы тиіс (электронды түрде):

- Сұраныс (Қосымша 1);
- Сауалнама (Қосымша 2);
- «Тәлімгер портфолиясы» таныстырылымы (7 слайдтан артық емес): қатысушы туралы ақпарат, соңғы үш жылдың жетістіктері, тәлімгердің 2024-2025 оқу жылындағы жұмыс жоспары көрсетіледі.

4.3 **Екінші кезең:** Байқаудың қазылар алқасы **03-05 сәуір аралығында** ұсынылған материалдарды сараптап, бағалайды, **III (финалдық)** кезең қатысушыларын анықтайды. Байқаудың ұйымдастыру комитеті III кезең-қатысушыларына жеке шақырулар жолдайды.

4.4 **Үшінші кезең (финалдық) 2025 жылдың 18 сәуірінде онлайн тәсілінде өткізіледі.** Байқаудың үшінші кезеңінің бағдарламасы келесі тапсырмаларды қамтиды:

- «**Визит карточкасы**», сөйлеу уақыты – 3 минут. Бағалау критерийлері: өзектілігі, креативтілігі, тұсаукесердің өзіндік ерекшелігі, шешендік шеберлігі, тәлімгердің имиджі.

- «**Педагогикалық жағдайлар**». Педагогикалық жағдайларды қазылар алқасы ұсынады.

- «**Білікті – бірді, білімді мыңды жығады**» (үй тапсырмасы), регламент – 5 минут. Байқау шеңберінде тәлімгер 2025 жылға арналған атаулы және атаулы күндер күнтізбесін пайдалана отырып өткізілген іс шараның бейнежазбасын ұсынады (<https://umckrg.gov.kz/content/view/1/986>).

5. Бағалау талаптары мен критерийлері

5.1 Конкурсақа ұсынылған материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

5.2 2025 жылғы 01 сәуірден кейін конкурсақа ұсынылған конкурстық материалдар қаралмайды.

Бағалау критерийлері: өзектілігі, креативтілігі, тұсаукесердің өзіндік ерекшелігі, шешендік шеберлігі, тәлімгердің имиджі.

6. Байқау қорытындысын шығару

6.1 Ұйымдастыру комитеті облыстық байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, қазылар алқасының құрамын, өткізу бағдарламасын бекітеді, байқаудың қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

6.2 Байқау қатысушылардың жұмыстарын қазылар алқасы 5 тармақтың талаптарына сәйкес бағалайды.

6.3 Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрылады.

6.4 Байқаудың комиссиясының құрамы Байқауды ұйымдастырушы өкілдерінен және шақырылған мамандардан тұрады.

6.5 Байқаудың **III кезеңінің** жеңімпаздары I, II, III дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

Облыстық «Үздік тәлімгер – 2025» байқауына қатысу үшін сұраныс

Білім беру ұйымының толық атауы	
Байқауға қатысушының аты- жөні	
Тәлімгер лауазымындағы еңбек өтілі	
Байланыс ақпараты `(телефоны WhatsApp)	

Білім беру ұйымы басшысының қолы
Мөр

Сіздің
фотосуретіңіздің
орны

Тәлімгердің сауалнамасы

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні _____

Білімі (оқу орны, аяқтаған жылы, факультеті) _____

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

Осы лауазымдағы жұмыс өтілі _____

Жалпы еңбек өтілі _____

Үйдің мекен-жайы, индексімен _____

E-mail _____

Біліктілікті арттыру туралы ақпарат (қайда, қашан, курстың атауы, куәліктің нөмері) _____

Жұмыста ұстанатын негізгі қағидалар _____

Байқауға қатысушының хоббиі, кәсіби қызметіне байланысты қызығушылықтары _____

Толтырған күні: